

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Тасыбек Рамазан Рахымбекұлы

«Қостанай облысының курорттық аймағындағы медициналық және сауықтыру
орталығы »

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті
Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. маг. лектор

_____Қызылбаев Н.Қ
«_____» _____2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы «Қостанай облысының курорттық аймағындағы медициналық және
сауықтыру орталығы»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған

Тасыбек Р.

Пікір беруші
жобаның бас инженері

_____А.А.Есембаева

«_____» _____ 2019 ж.

Ғылыми жетекші
тех.ғыл.кон. профессор ассистенті

_____Б.С.Ботантаева

«_____» _____2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.маг. лектор

_____ Н.Қ.Қызылбаев

« _____ » _____ 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Тасыбек Рамазан Рахымбекұлы

Тақырыбы Қостанай облысының курорттық аймағындағы медициналық және сауықтыру орталығы

Университет ректорының « 30 » қараша 2018 ж. № 12106 - бұйрығымен бекітілген.
Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 24 » мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Қостанай облысы, ғимараттың конструкциялық сұлбасы – рамалы- байланысты, биіктігі бойынша тұрақты қаттылығы қамтамсыз етілген, ұстындары, арқалықтары аражабын плиталары – темірбетоннан жасалынған

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1.Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; сыртқы қабырғаның жылу техникалық есебі; ғимаратты инженерлік жабдықтау; 2.Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау тақтаны есептеу 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім: жер жұмыстарының көлемін анықтау; есептеу жолымен автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз; мұнаралық кранды таңдау; бетонтасушы машиналардың санын анықтау; ғимараттың жер үсті металл конструкцияларды монтаждаудың технологиялық картасын тұрғызу; объектік құрылыстық бас жоспарды жобалау; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария; күнтізбелік жоспары 4. Құрылыс экономикасы бөлім: жергілікті және объектілік сметаларды жасау, 5. Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеттері, қималар, түйіндер, спецификация, жоспарлар - 3 парақ;

2. Аражабын 1- парақ;

3. Бетон жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы, Қостанай, 2011; 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 Құрылыс жылу техникасы, Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2002

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	18.02-01.03.2019 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	18.03-29.03.2019 ж	
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы	03.04-15.04.2019 ж	
Экономикалық бөлім	15.04-19.04.2019 ж	
Антиплагиат, нормоконтроль, алдын – ала қорғау	19.04-29.04.2019 ж	
Қорғау	29.04-25.05.2019 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	Б.С.Ботантаева, т.ғ.к, ассистент-профессор		
Есептік-конструктивтік бөлім	Б.С.Ботантаева, т.ғ.к, ассистент-профессор		
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім	Б.С.Ботантаева, т.ғ.к, ассистент-профессор		
Құрылыс экономикасы бөлім	Б.С.Ботантаева, т.ғ.к, ассистент-профессор		
Тіршілік әрекет қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Б.С.Ботантаева, к.т.н, ассистент-профессор		
Норма бақылаушы	Н.В.Козюкова Лектор		

Ғылыми жетекшісі _____ Б.С.Ботантаева
(қолы)

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы _____ Тасыбек Р.
(қолы)

Күні «__» 05_2019 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобада " Қостанай облысының курорттық аймағындағы медициналық және сауықтыру орталығы ".

Диплом жобасында сәулет – құрылыс, есепті – конструкциялық және өндірістік бөлімдер бойынша инженерлік шешімдер қабылика бөлімі ABC-4 бағдарламалық кешенде есептелген. Жобаның толық техникалық – экономикалық көрсеткіштері анықталып, тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері бойынша шешімдер қабылданған.

АННОТАЦИЯ

В дипломном проекте проектирован " Қостанай облысының курорттық аймағындағы медициналық және сауықтыру орталығы ".

В данном проекте в архитектурно–строительных, расчетно-конструкционных и производственных частях приняты инженерные решения, в экономическом разделе рассчитаны ABC – 4 программным комплексом. Выявлены общие технико–экономические показатели проекта, а также приняты решения о защите окружающей среды и безопасности жизнедеятельности.

ANNOTATION

In the diploma project it is " Қостанай облысының курорттық аймағындағы медициналық және сауықтыру орталығы ".

In this project in the architectural and construction, design and production parts engineering decisions are made, in the economic section are calculated by ABC – 4 program complex. The General technical and economic indicators of the project are revealed, and also decisions on environmental protection and safety of activity are made.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Сәулеттік – құрылыстық бөлімі	10
1.2 Бас жоспар шешімдері	10
1.3 Көлемдік – жоспарлық шешімдері	11
1.3.1 Ғимарат қасбетінің композициялық шешімдері	12
Error! Bookmark not defined.	
1.4 Сәулеттік – конструктивтік шешім	12
1.4.1 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі	
Error! Bookmark not defined.	
1.5 Ғимараттың инженерлік – техникалық жабдықтау жүйесі	15
2 Есептік конструктивтік бөлім	16
2.1 Аражабын тақтасының өлшемдері	16
2.2 Тақтаның есептік аралығы	16
2.3 Материалдардың сипаттамасы	17
2.4 Жүктемелер	18
2.5 Тақта қимасының өлшемін анықтау	20
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру	24
3.1 Топырақ көлемін анықтау жұмыстары	24
3.1.1 Экскаватор түрін таңдау	25
3.1.3 Автосамосвал санын анықтау	26
3.1.4 Бульдозерді таңдау	27
3.2 Ғимараттың іргетас, арматура, битум, қалып көлемін есептеу	28
3.3 Мұнаралы кранды есептеу, таңдап алу	29
3.4 Кранды технико-экономикалық салыстыру	30
3.5 Уақытша үймереттер мен тұрмыстық ғимараттар	33
3.6 Сарайдың алаңдарын есептеу	34
3.7 Өндірісті электр энергиясымен қамтып шығу	40
4 Құрылыс экономикасы	44
4.2.1 Жергілікті смета	45
4.2.2 Объектілік смета	46
5 Еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау	47
Error! Bookmark not defined.	
ҚОРЫТЫНДЫ	49

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қосымша

КІРІСПЕ

Қазақстан мемлекетінің экономикалық , мәдени және денсаулық сақтау салаларының жылдамдаму қарқынындылығына байланысты әр өңірлерде жаңаша халықтық емдік сауықтыру орталықтарын салу және оны заманауи құрылғылармен жабдықтау сәулет – құрылыс саласындағы маңызды шешімдердің бірі болып табылады. Құрылыс саласында ҚР конституциясы кепілдеген қала және ауыл халқының денсаулық сақтау қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған азаматтық құрылысқа ерекше көңіл бөлінген. Азаматтық құрылыс нысандарын салудың маңыздылығына ҚР президенті Н.Ә.Назарбаевтің «Қазақстан –2030» атты халыққа жолдауында баса назар аударылған.

Біздің елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының басты мақсаты халықтың материалдық және рухани өмірінің жағдайын жақсарту болып табылады. Бұл мақсатты алдағы уақытта іске асыру өндіріс тиімділігін, сонымен қатар құрылыс өндірісін мүмкіндігінше дамытуды талап етеді, яғни аз уақытта үнемді, сапалы жобалау және салу қажет.

Құрылыс сапасын арттыру оның тиімділігімен, яғни материалдар мен құрылыс өнімінің энергосыйымдылығын азайту, жұмыстың еңбек сыйымдылығы және ұзақтылығын қысқартумен тікелей байланысты. Сапаға қойылатын талаптар нақты мазмұндалуы, сонымен қатар ғимараттар мен үймереттер жобаларының барлық сатысында, конструкциялар жасауда, жинақтау және өндіріс жұмыстарында қатаң ескерілуі қажет.

Құрылыс үрдісін автоматтандыру мен механикаландыруға арналған жаңа құралдарды пайдалану, ірі блоктық жинақтау, зауыттарда даярланған құрама элементтерді қолдану, жинақтау жұмыстарының орындалу барысын жеңілдетудің жіне ұзақтылығына зейтудің басты бағытына айналған.

Егеменді ҚР халық шаруашылығының бір саласы ретінде құрылыс дайындалу және тікелей іске асу барысында күрделі және санқырлы ұйымдастыру-технологияның шешімдері талап етеді. Құрылыс саласында тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар мен үймереттер өте маңызды роль атқарады.

1 Сәулеттік – құрылыстық бөлімі

1.1 Сәулеттік-жоспарлау шешімдері

Бастапқы мәліметтер

Жобаланатын ғимараттың құрылысы Қостанай облысының курорттық аумағында орналасады.

Құрылыс өндірісіндегі табиғи-климаттық сипаттамалары

Құрылыстың климаттық ауданы- IV А [2] 1сурет

Сыртқы ауаның есептік температурасы:

Орташа ең суық бескүндік - 21°C [2] 1-кесте*

Орташа ең суық тәулік - 26°C [2] 1-кесте*

Климаттық ауданы – біркелкі котинентті. Жазы ыстық, әрі құрғақ. Қысы– суық және жауын-шашын аз;

1м² жер бетіне келетін қар жүктемесінің салмағы – 500 Н/м² [1] 3-кесте

Желдің мөлшерлік жылдамдық ағыны – 380 Н/м²

Желдің негізгі бағыты – III (шығыс)

Ең қатты желдің жылдамдығы – 25 м/сек

Жылдық орташа жауын – шашын мөлшері – 61 мм

Ғимараттың жауапкершілік класы- I

Отқа төзімділік деңгейі - II

Жоба ҚР ҚНЖЕ 3.02-02-2001, ҚНЖЕ 2.01.07-85, ҚНЖЕ 3.02-25-2004 сәйкес жасалған.

1.2 Бас жоспар шешімдері

Емдік сауықтыру орталығының құрылыстық басжоспары инженерлік-геологиялық, жер жұмыстарын зерттеулер мен іздіністердің нәтижесіне және материалдарына байланысты, Қостанай облысының ландшафтары мен қоршаған ортасын ескере отырып, басжоспардың сызбасы 1:500 масштабпен орындалған.

Емдік сауықтыру орталығы ғимаратының бас жоспарының сызбасында келесіндей аймақтар белгіленген; емдік сауықтыру орталығы, бассейн, шаптырма (фонтан), көліктердің тұрақтары, кіші футбол ойнап алаңы, осылармен қатар емдік сауықтыру орталығындағы ғимараттардың территориясына кіретін және шығатын жолдар қарастырылған.

Құрылыстық басжоспарда Емдік сауықтыру орталығы 600 орындық адамға есептеліп салынған. Келушілерге емделетін орындар, жататын бөлмелер, тамақтанатын асханалар жасалынған.

Емдік сауықтыру орталығында емделушілерге күннің ыстық маусымдарына арналып жасалынған, ғимараттың сыртында орналасқан шомылу алаңы яғни бассейн орналастырылған. Бассейннің суы емделушілердің денсаулығын жақсартатын болады.

Сауықтыру ғимараттының аумағында кіші футбол ойнау алаңы орын алған. Себебі қазіргі заманда ең жақсы дамыған, адам денсаулығына пайдалы және көпшілігі футболды ойнай алады.

Емдік сауықтыру орталығының артыңғы жақында шаптырма (фонтан) орналасқан. Оның ішінде әр түрлі балықтар салынған. Бұл келушілердің көңіл күйін көтеріп, ерекше әсер береді.

Жердің биіктігін құрастыру кезінде бұрыннан болған жолдарды және тағыбасқа да ғимараттар мен үймереттер ескіріліп, қарастырылды. Нақты жобалаудың нәтижесінде судың өздегінен төмен жаққа қарай ағып кетуін ескеріле отырып қарастырылып, шешілген. Жобаланып отырған бас жоспар аймақ территориясында жасандышөптермен көгалдандырып, көгалға лилия гүлдерін, батыс туясын, ағаштардан шыршалар және теректер орналасқан. Ғимарат айналасын безендіру кезінде жаяу жүргінші жолдары мен ғимаратқа кіретін-шығатын жолдар, көлік тұрағы асфальтбетонмен және плиткалы жабындармен қарастырылған. Сонымен қатар кішкентай сәулеттік формалар да ескерілген.

Басжоспар бойынша технико-экономикалық көрсеткіштер:

- алаңның ауданы (шартты шекарада) - 1,9 га;
- құрылыстың ауданы – 10441 м²;
- жабын ауданы - 7500 м²;
- көгалдандыру ауданы – 2900 м²;
- көгалдандыру пайызы – 9%;

1.3 Көлемдік-жоспарлық шешімдері

Емдік сауықтыру орталығы 600 адамдық орынға арналған.

Үш блоктан тұрады (Б-1, Б-2, Б-3), осы блоктар деформациялық жік арқылы байланыстан құрылыс ғимараты ретінде жобаланған.

Ғимараттың жалпы көлемі 197000 х 53000 м.

Әр блоқтың көлемдері

Б-1 – 60000х38400 м;

Б-2 – 72000х15000 м;

Б-3 – 60000х21000 м.

Қабаттар биіктігі келесідей көрсетілген:

Барлық блоктардың – бірінші қабатының биіктігі – 4,500м;

Барлық блоктардың – екінші мен алтыншы қабат аралығының биіктігі -3,300 м;

Б-2 блогының – жетінші қабатының биіктігі – 4,500 м.

Б-1 блогының бірінші қабатында бассейн және лабораториялар мен емдейтін бөлмелер орналасқан.

Б-2 блоқтың бірінші қабатында емделушілер қабылдау бөлімшесі орналасқан.

Б-3 блоктың бірінші қабатында тамақтану және ас үйі орналасқан.

Барлық блоктардың екінші және алтыншы қабат аралығының барлығында емделушілерге арналған жататын бөлме орналасқан.

Б-2 блогтың жетінші қабатта мейрамхана орналасқан

Емделушілер жататын бір бөлменің ауданы 16,2 м². Бөлмеде дәретхана, душ, қол жуатын жер және бір адамдық жататын төсек орын екеу орналасқан.

Есіктердің өлшемдері:

- қосарланған есіктердің өлшемі – 2100х1600 м.
- қарапайым есіктер болса – 2000х700 м, 2100х800 м, 2100х900 м.

Терезелердің өлшемдері: 1500х1200, 1500х 2000.

Қабырғалардың қалыңдығы:

- сыртқы қабырға 400 мм;
- ішкі қабырғалар 200 мм мен 120 мм.

Сыртқы қабырға кірпішпен өрілген, ал ішкі қабырғаның 200 мм -ді де кірпішпен қаланған және 120 мм болатын қабырғаны гипсакартонмен жасалған.

Баспалдақтық торларды күнделікті пайдалану үшін тұтас темірбетонды элементтерден жасау жоспарланған. Баспалдақтың кіреберіс торабында жеке бетонды сатылардың жиынтығы жасалынған.

Екі тізбекті баспалдақтар басқыш аландарына сүйененді. Баспалдақтың еңістігі – 1:2. Баспалдақ торларында бірінші және жер төле қабатының арасында қызметкерлерге арналған бөлмелер бар, олардың есіктері және есіктерінің қораптары қалайымен қапталған.

Шатырға баспалдақтық торлардан отқа төзімді есіктермен жабдықталған, металды сатылармен шығуға болады. Баспалдақ торлары жасанды және табиғи жарықтандыру жолымен, терезенің ойығы арқылы жарықтандырылады. Баспалдақ торларында және тамбурда барлық есіктер ғимараттың сыртқы жағына ашылады. Баспалдақтардың қоршалуы металдан жасалынған түйіндерден жасалынады, ал тұтқасы ағашпен қапталған.

1.3.1 Ғимарат қасбетінің композициялық шешімдері

Қасбетті өңдеу. Қасбетті өңдеу үшін қазіргі заманға сай материалдар қолданылады.

Қабырғалар – клямерге бекітілетін керамогранитті тақталармен әрленіп жасалады.

Сөрелер – көк түсті алюминдік профиль және ашық көк түсті әйнектен.

Терезелер мен сөрелер ғимараттың жанға жайлылығын анықтайды және оның сәулетті – көркем шешімі. Терезелер мен сөрелер бөлмелердің жарықтандыру аудандарына байланысты аланады. Терезелірінің биіктігі

төбеге максималды жақын орналасуы бөлменің жақсы жарықтандыруын қамтамасыз етеді.

Ғимарат терезелерінің жобасы

Сөрелердің негіздері, яғни қораптар мен жақтаулары алюминийден жасалып, коррозияға тұрақты және декоративті болып келеді.

1.4 Сәулеттік – конструктивтік шешім

Емдік сауықтыру орталықтың ғимараты Қазақстан Республикасының құрылыс стандарттары мен талаптарына сәйкес жобаланған.

Іргетастар – бетон классы В25 қалыңдығы 500мм болатын тұтас құймалы темірбетонды қималы лента. Жер астына 1 м іргетас құйылады, ал жер бетіне көрінетін іргетастың биіктігі 0,9 м болады.

Тіректер – тұтас құймалы, өлшем тік бұрышты болатын, қиылысатын темірбетон;

Бас арқалықтар – тұтас құймалы, тік бұрышты қиылысатын темірбетон;

Бөлме аралық қабырғалар – арматураланған кірпіш қалауы мен гипсокартонмен жасалынған;

Сыртқы қабырғалар – кірпіш қалауы, арматураланған, жылу қаптамасымен бірге;

Аралық жабын – қалыңдығы 220 мм болатын құрастырмалы қуысты тақта.

Сатылар – тордың бойымен қалыңдығы 2 см болатын, цемент және құмнан жасалған ерітіндімен сыланған құрамалы темірбетонды баспалдақтар.

Сатылы тор және лифт шахталарының қабырғалары – маркасы М35 өлшемдері 20х20х40см болатын, тік қаңқалармен арматураланған, гипсокартонды тақталармен қапталған, керамзит бетонды блоктардан.

Шатыр – битумды мастикте 3 қабат рубероид (жоғарғы қабаты ірі түйіршікті шашумен); минвата, қалыңдығы 20мм болатын, цемент және құм ерітіндісінен құйылған, арматураланған құйма сылақ; жылу қаптама – қалыңдығы 120мм болатын минералмақта тақталар; буизоляция – 1 қабат рубероид, жұқа қаңылтыр.

Едендер – мозайкалы бетонды, линолеумды, керамикалық тақтадан тұрады.

Есіктер – ағаш филленчатты, біртұтас және әйнектелген.

Терезе – металл пластикалық тыстаулар герметикалық әйнек пакетімен.

Ішкі әрлеу – әк эмульсиясы немесе эмальды, әкті бояу, әшекейленген тақталар.


Өртке қарсы шаралардың талаптарын қамтамасыз ету үшін, темірбетон ұстындардың ашық жоғарғы бөліктері және бас арқалықтар тор бойымен,

цементті құм ерітіндісінен жасалған, қалыңдығы 4см болатын сылақпен сыланады.

1.4.1 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есебі.

Сыртқы қоршағыш қабырғаның жылу техникалық есебі.

Ақтау қаласындағы 600 орындық емдік сауықтыру орталығы қабырғалары кірпіш қалау жұмыстарымен жасалған. Қабырғаның қалыңдығы 400мм, ал сылау, әрлеу және монтаждау жұмыстарынан 40мм келіп қосылады.



Сурет 1.1 – Қабырғаның сұлбасы

1.Керамикалық тақта

2.Жылуизоляциялық стандарт $\delta = 0,13$ м $\lambda = 0,04$ (Вт/м·°C) $\gamma = 90$ (кг/м³.)

3.Кәдімгі кірпіш $\delta = 0,25$ м $\lambda = 0,7$ (Вт/м·°C) $\gamma = 1800$ (кг/м³.)

4. Сылақ қабаты

Есептерді 2 және 3 бөлімін қабылдаймыз

$$D_d = Z_{ht} \cdot (t_{int} - t_{ht}) \quad (1.1)$$

мұнда t_{in} -ішкі ауаның есептік орташа температурасы, °C , тиісті ғимараттың оңтайлы температурасының ең аз мәні бойынша қабылданады $t_{int} = -20$;

- сыртқы ауаның орташа температурасы, °C $t_{ht} = -10$;

- жылыту кезеңінің ұзақтығы +8 °C,

$Z_{ht} = 214$.

$$D_d = 214 \cdot (20 - (-10)) = 6420^\circ\text{C тәулік}$$

$$R_{\text{req}} = a \cdot D_d + b \quad (1.2)$$

$$R_{\text{req}} = 0,00035 \cdot 6420 + 1,4 = 3,647 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C/Вт}.$$

$$R_0 = \frac{1}{\alpha_{\text{int}}} + R_k \frac{1}{\alpha_{\text{ext}}} \quad (1.3)$$

Жылу беруге нақты келтірілген қарсылық,
мұндағы R_k — қоршау конструкциясының термиялық кедергісі;
 α_{int} — қоршау конструкцияларының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті.

$$\alpha_{\text{int}} = 8,7;$$

α_{ext} — қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті.

$$\alpha_{\text{ext}} = 23.$$

Бұл жағдайда R_k көп қабатты конструкцияға арналған қабаттар жиынтығы ретінде анықталады.

$$R_k = \sum \frac{\delta}{\tau} = \frac{1}{8.7} + \frac{0.13}{0.04} + \frac{0.25}{0.7} + \frac{1}{23} = 3.76 \frac{\text{м}^2 \text{ } ^\circ\text{C}}{\text{Вт}}$$

$R_k = 3,76 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C/Вт}; > R_{\text{req}} = 3,647 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C/Вт};$ – жылу беруге кедергісі бойынша талаптар орындалады.

1.5 Ғимараттың инженерлік – техникалық жабдықтау жүйесі

Келесі жүйелер жобаланған: шаруашылық-ауыз су құбыры, ыстық су құбыры, шаруашылық-фекальды кәріз.

Сумен жабдықтау көзі қалалық су құбыры болып табылады.

Тұрғын үйдің су жүргізетін – шаруашылық – ауыз су негіздерінің есептік қысымы 40 м болады.

Канализация - шаруашылық – тұрмыстық қалалық тораптармен қамтылған

Жылу беру – орталықтандырылған сумен жылыну. Жылу тасымалдау температурасы 55-40°C.

Желдету – табиғи.

Ыстық сумен жабдықтау – ішкі жүйелер негіздерінің есептік қысымы 40м.

Газбен жабдықтау – сыртқы жүйелерден газды плиткаларды қосу.

Электр жабдықтары – II категориялы сыртқы желілерден, кернеу 380/220В, жарықтандыру – қыздыру және люминесценттік шамдар.

Байланыс құрылғылары – радиоландыруды, ұжымдық параболалық антенналар, телефондандыруды, өрт сөндіру сигналдарын беру.


Жолаушыларды тасымалдайтын лифтінің жүк көтергіштігі - 400 кг.

Қоқыс жинау - 1 қабатта ауысымды контейнерлері бар камера.

2 Есептік-конструктивтік бөлім

2.1 Аражабын тақтасының өлшемдері.

Бірінші топтың шекті күйлері бойынша көп қуысты тақтаны есептеу.




Сурет 2.1 – Аражабын тақтасының қимасы

Т-1 қатардағы аражабын тақтасын есептейміз

$$L_K = L_H - 20 = 6000 - 20 = 5980 \text{ мм.}$$

$$B_K = B_H - 2\delta = 1500 - 10 = 1490 \text{ мм.}$$

2.2 Тақтаның есептік аралығы.



Сурет 2.2 – Гимаратқа қойылатын тақталар

Өрнектен тақтаның есептік ұзындығын табамыз:

$$l_0 = L_p^H - \left(\frac{b}{4}\right) \cdot 2 = 6000 - \frac{300}{2} = 5850 \text{ мм}$$

мұндағы $L_p^H = 6000$ тақтаның номиналды ұзындығы аралықтың осьтері арасындағы қашықтыққа тең;


$$h_p = \frac{L_p^H}{12} = \frac{5800}{12} = 483$$

$h_p = 483$ ригельдің биіктігі, еселеп қабылдаймыз 50 мм $h_p = 500 \text{ мм}$

$L_p^H = 5800$ ригельдің ұзындығы;


Аражабын тақтаның конструктивтік ұзындығын табамыз

$$L_n^K = L_n^H - 20 = 6000 - 20 = 5980 \text{ мм}$$



Сурет 2.3 – Тақтаның конструктивтік схемасы

Есептік сызба.



2.4 Материалдардың сипаттамасы (бетон және арматура беріктігі).

Бос алдын ала кернеулі тақтаны А800 класты өзекшені арматурамен пішін тірегіне электрлік созумен арматуралаймыз. Тақтаның жарықтық төзімділігіне үшінші деңгейлі талаптарды орындауы керек. Өнім атмосфералық қысымда жылумен өңделіп жасалады.

Бетон түрі: ауыр бетон класы В25 Бетонның беріктігін берілген деректер бойынша есептейміз (кесте-2.4[1]) 1-4 қосымшаның бірінші қосымшаға сәйкес бетонның күші: $R_{bn}=R_{b,ser}=18.5$ МПа, есептік $R_b=14.5$ МПа; бетон жұмыс шарттарының коэффициенті $\gamma_{b2} = 0.9$. Созылу кезіндегі нормативтік кедергі. $R_{btn}=R_{bt,ser}=1.60$ МПа;

Есептік R_{bp} қысу кезінде кернеудің қатынасы;

$$\frac{\sigma_{bp}}{R_{bp}} \leq 0.75$$

A800 класты бойлық қабырға арматурасы, нормативтік кедергі $R_{sn}=785$ МПа, есептік кедергі $R_s=680$ МПа; серпімділік модулі $E_s=190000$ МПа (кесте-2.5[1])

Арматураның алдын ала кернеуін тең аламыз;

$$\sigma_{sp} = 0.75R_{sn} = 0.75 \cdot 785 = 588 \text{ МПа}$$

Шартын тексеріңіз 2.22[1] бойынша $\sigma_{sp} + p \leq R_{sn}$; $\sigma_{sp} - p \geq 0.3R_{sn}$ мұндағы $p=30+360/l$ - арматураны электротермиялық созу кезіндегі мәні;

l –тіреудің сыртқы шеттері арасындағы арақашықтық ретінде қабылданатын созылатын өзектің ұзындығы = 6,5 м.

$$p=30+360/6,5=85,4 \text{ МПа}$$

$$\sigma_{sp} + p = 588 + 85.4 = 673.4 \text{ МПа} \leq R_{sn} = 785 \text{ МПа}$$

$$\sigma_{sp} - p = 502,6 \text{ МПа} \geq 0,3R_{sn} = 235,5 \text{ МПа}$$

Формуласы бойынша алдын ала кернеудің шекті ауытқуларын есептейміз 2.25[1] бойынша

$$\Delta\gamma_{sp} = 0.5 \frac{p}{\sigma_{sp}} \left(1 + \frac{1}{\sqrt{n_p}} \right) = 0.5 \frac{85.4}{588} \left(1 + \frac{1}{\sqrt{8}} \right) = 0.1$$

мұндағы $n_p=10$ арматуралық өзектер саны.

2.24[1] формуласы бойынша алдын ала кернеудің қолайлы әсері кезіндегі тартылу дәлдігі коэффициенті:

$$\gamma_{sp} = 1 - \Delta\gamma_{sp} = 0.9$$

Тақтаның үстінгі аймағында жарықтың пайда болғанын тексеріс кезінде, сығылу кезінде қарастырамыз:

$$\gamma_{sp} = 1 + 0.1 = 1.1$$

Керілу нақтылығын ескере отырып, алдын ала кернеудің мәні:

$$\sigma_{sp} = 0.9 \cdot 588 = 529.2 \text{ МПа}$$

2.5 Жүктемелер.

2.5.1 Есептік және нормативтік жүктемелер.

1м² жабынға түсетін жүктемелерді есептеу 1-кестеде келтірілген.

Тақтаның ені кезінде 1м ұзындыққа есептік жүктемесні анықтаймыз;

$$B_n^H = 1.5\text{м}$$

Ғимараттың мақсаты бойынша сенімділік коэффициентін ескере отырып

$$\gamma_n = 0.95;$$

$$\text{Тұрақты } g = 4.134 \cdot 1.5 \cdot 0.95 = 5.89\text{kH/м}$$

$$\text{Толық } g+u = 11.334 \cdot 1.5 \cdot 0.95 = 16.1589\text{kH/м}$$

$$U = 7.2 \cdot 1.5 \cdot 0.95 = 10.26\text{kH/м}$$

1м² ұзындықтағы нормативтік жүктеме:

$$\text{Тұрақты } g = 3.68 \cdot 1.5 \cdot 0.95 = 5.89\text{kH/м}$$

$$\text{Толық } g+u = 9.68 \cdot 1.5 \cdot 0.95 = 13.79\text{kH/м}$$

Оның ішінде тұрақты ұзақтығы

$$u = 7.68 \cdot 1.5 \cdot 0.95 = 10.94\text{kH/м}$$

Кесте 2.1 – Нормативтік жүктеме

Жүктемелердің түрі	Нормативті жүктеме Н/м ²	Коэф-т бойынша сенімділік жүктемесі	Есептік жүктеме Н/м ²
Тұрақты: Қуысты тақтаның өз салмағы	3000	1.1	3300
Цемент ерітіндісінің қабаты $\delta = 20\text{мм}$ ($\rho = 2200\text{кг/м}^3$)	440	1.3	572
Керамикалық тақткалар $\delta = 13\text{мм}$ ($\rho = 1800\text{кг/м}^3$)	240	1.1	264
Жалпы жиыны	3680	-	4134
Уақытша: Оның ішінде	6000	1.2	7200
ұзақ уақыт бойы әрекет ететін	4000	1.2	4800
қысқа уақыт бойы әрекет ететін	2000	1.2	2400
Толық жүктеме:	9680	-	11334
Тұрақты (3680Н/м ²) және ұзақ мерзімді уақытша (4000 Н/м ²)	7680	-	-
Қысқа мерзімді	2000	-	-

2.5.2 Есептік және нормативтік жүктемелердің күшін анықтау.

Есептік жүктеменің күші:

$$M^p = (g + u) \cdot \frac{l_0^2}{8} = \frac{16.15 \cdot 5.85^2}{8} = 69.09 \text{кНм}$$

$$Q^p = (g + u) \cdot \frac{l_0^2}{2} = \frac{16.15 \cdot 5.85^2}{2} = 47.24 \text{кН}$$

Нормативтік толық жүктеменің күші:

$$M_n^H = \frac{13.79 \cdot 5.85^2}{8} = 58.99 \text{кНм}$$

$$Q_n^H = \frac{13.79 \cdot 5.85^2}{2} = 40.34 \text{кН}$$

Нормативтік тұрақты ұзақ уақыттағы жүктеменің күші:

$$M_{np}^H = \frac{10.94 \cdot 5.85^2}{8} = 46.8 \text{кНм}$$

2.6 Тақта қимасының өлшемін анықтау.

Көп қуысты тақта қимасының биіктігі $h = 22$ см;

Қиманың жұмыс биіктігі:

$$h_0 = h - a \quad (2.1)$$

$$h_0 = 22 - 3 = 19 \text{ см.}$$

Үстіндегі және төмендегі сөрелердің жуандығын анықтаймыз.

$$h'_f = (h - 0.9 \cdot D) \cdot 0.5 \quad (2.2)$$

$$h'_f = (220 - 0.9 \cdot 159) \cdot 0.5 = 38.45 \approx 38.5 \text{ мм}$$

Қабырға ені : орташа- 4,0 см, шеткі - 5,3 см.

Бірінші топтың шекті жағдайлары бойынша есептерде таңбалық қимасынан сығылған сөресінің есептік қалыңдығы;


$$h'_f = (h - 0.9 \cdot D) \cdot 0.5 = (220 - 0.9 \cdot 159) \cdot 0.5 = 38.5$$

Қатынастары

$$h'_f/h = 38.5/220 = 0.175 > 0.1$$

Бұл жердегі сөрелердің барлық ені есептеліп алынады $b'_f=1460$ мм; қабырғаның есептік ені:

$$b=B_n - n \cdot 0.9 \cdot D = 1460 - 7 \cdot 0.9 \cdot 159 = 458.3\text{мм}$$



Сурет 2.4 – Тақтаның нақты және есептік көлденең қимасы

2.7 Бойлық оське қалыпты қимасы бойынша плитаның беріктігін есептеу, $M=60.09$ кН·м.

Қысылған аймақта сөресі бар таңба қимасы.

Есептеу:

$$\alpha_m = \frac{M}{R_b \cdot b'_f \cdot h_0^2} = \frac{6609000}{0.9 \cdot 14.5 \cdot 146 \cdot 19^2 \cdot 100} = 0.096 \approx 0.095$$

Осы шыққан мән арқылы 3.1. [4] кестесі бойынша;

$$\xi=0,1; x = \xi \cdot b_0 = 0,1 \cdot 19 = 1,9\text{см} < 3,0\text{ см}$$

- бейтарап ось қысылған сөреден өтеді;

$$\eta=0,95.$$

Сығылған аймақтың сипаттамасын мына формула бойынша есептейміз;

$$\omega=0,85-0,008 \cdot \gamma_{b2} \cdot R_b = 0,85-0,008 \cdot 14,5 \cdot 0,9 = 0,75.$$

Бетонның сығылған аймағының шектік салыстырмалы биіктігін анықтаймыз:

$$\xi_R = \frac{w}{\left[1 + \frac{\sigma_{SR}}{500} \cdot \left(1 - \frac{w}{1,1} \right) \right]} = \frac{0,75}{1 + \frac{492}{500} \cdot \left(1 - \frac{0,75}{1,1} \right)} = 0,57$$

мұндағы $\sigma_{SR} = R_s = 680 + 400 - 588 = 492 \text{ МПа}$;

Осы формула бөлімінде 500 МПа қабылданды, өйткені $\gamma_{b2} < 1$.

Кернеудің шектелген шегінен жоғары кернелетін арматуралардың кедергісін ескеретіп, оның жұмыс жағдайларының коэффициенті, формулаға сәйкес:

$$\gamma_{s6} = \eta - (\eta - 1) \cdot (2 \cdot \xi / \xi_R - 1) = 1,15 - (1,15 - 1) \cdot (2 \cdot 0,1 / 0,57 - 1) = 1,247 > \eta$$


мұндағы $\eta = 1,15$; А-800 класты арматура үшін:

$\gamma_{s6} = \eta = 1,15$ қабылдаймыз.

Созылған арматураның көлемін анықтаймыз:

$$A_s = \frac{M}{\gamma_{s6} \cdot R_s \cdot \mu \cdot h_0} = \frac{6609000}{1,15 \cdot 680 \cdot 0,95 \cdot 19 \cdot 100} = 4,68 \text{ см}^2$$

Астындағы тақтаны негізгі жүктемелерды көтеріп тұрушы алты өзекшені қабылдаймыз $\varnothing 10 \text{ мм}$ $A_s = 4,71 \text{ см}^2$.



Сурет 2.5 – Тақтаның арматурасы мен қуысының диаметрі

2.8 Арқалықтың бойлық осіне көлденең қимасы бойынша тақтаның беріктігін есептеу.

$Q = 47,24 \text{ кН}$.

Қысу күшінің әсері: $P = 301,55 \text{ кН}$:

$$\varphi_n = \frac{0,1 \cdot N}{R_{bt} \cdot b \cdot h_0} = \frac{0,1 \cdot 301550}{1,05 \cdot 45,83 \cdot 19 \cdot 100} = 0,33 \approx 0,5$$

Шарт

$$Q_{\max}=47,24 \cdot 10^3$$

$$H < 2,5 \cdot R_{bt} \cdot b \cdot h_0 = 2,5 \cdot 0,9 \cdot 1,05 \cdot (100) \cdot 45,83 \cdot 19 = 205,7 \cdot 10^3$$

H– қанағаттандырылады.

Осыдан

$$g_1 = g + \frac{u}{2} = 5,89 + \frac{10,26}{2} = 11,02 \text{ кН/м} = 110,2 \text{ Н/см}$$

Себебі

$$0,16 \cdot \varphi_{b4} \cdot (1 + \varphi_n) \cdot R_{bt} \cdot b = 0,16 \cdot 1,5 \cdot (1 + 0,33) \cdot 0,9 \cdot 1,05 \cdot 45,83 \cdot 100 = 1382,43 \text{ Н/см}$$

$$1382,43 \text{ Н/см} > 110,2 \text{ Н/см.}$$

$$\text{Қабылдаймыз } c = 2,5 \cdot h_0 = 2,5 \cdot 19 = 47,5 \text{ см.}$$

Басқа шарт, осыдан

$$Q = Q_{\max} - q_1 \cdot c = 47,24 \cdot 10^3 - 110,2 \cdot 47,5 = 42 \cdot 10^3 \text{ Н,}$$

$$\frac{\varphi_{b4} \cdot (1 + \varphi_n) \cdot R_{bt} \cdot b \cdot h_0^2}{c} = \frac{1,5 \cdot 1,33 \cdot 0,9 \cdot 1,05 \cdot 100 \cdot 45,83 \cdot 19^2}{47,5}$$

$$= 65,67 \cdot 10^3 \text{ Н} \geq 42 \cdot 10^3 \text{ Н}$$

Қойылып отырған шарттың барлығы орындалып жатыр. Яғни, есептің шарттары бойынша тақтаның көлденең жағынан арматураларды орнатудың қажеттілігі жоқ.

Ұзындығы $l/4$ болатын тіреу учаскелерінде арматураны конструктивті түрде орнатады, 4ØBp-I

$S = h/2 = 22/2 = 11$ см қадаммен (100 мм қабылдаймыз); аралықтың ортаңғы бөлігінде көлденең арматура қолданылмайды.

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі

Құрылысты және жұмыс өндірісін ұйымдастыруды жобалаудың құрамы, мазмұны және тәртібі ҚНЖЕ 3.01.01-85 "Құрылыс өндірісін ұйымдастырудың" негізгі ережелеріне сәйкес реттеліп отырылады. Құжаттар озат тәжірибе мен құрылыс және техниканың жаңа жетістіктеріне негізделуі, оларда еңбек өнімділігімен механикаландыру деңгейін арттыру және еңбекті көп қажет ететін жұмыстар мен құрылыс құнын азайту жоспарларын орындаудың жолдарын қарастыруы керек. Мұндай құжаттар құрылысты ұйымдастыру жобалары (ҚҰЖ) мен жұмыс өндірісін ұйымдастыру жобаларынан (ЖӨЖ) тұрады.

Жаңа объектілер тұрғызу, жұмыс істеп тұрған объектілерді кеңейту және жаңғырту құрылыстарын ұйымдастыру жобалары (ҚҰЖ) құрылысты салудың мерзімдерін анықтауға, күрделі қаржыны және құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемін жылдарға және кезеңдерге бөлуге, құрылыстарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз өту мәселелерін шешуге қызмет етеді.

3.1 Топырақ көлемін анықтау жұмыстары.

Алаңның бастапқы жобалары

a және b – қазаншұқырдағы тұтас іргетасты тақтаның ені мен ұзындығы

a=61500 м, b=38900 м.

Өсімдік қабатын қию.

$$V=(a+2) \cdot (b+2) \cdot 0,25 = (61,5+2)(38,9+2) \cdot 0,25 = 649,2875 \text{ м}^3$$

Қазаншұқыр көлемін табу.

$$A=A_0 + 2c + 2d = 61,5 + 2 \cdot 2,5 + 2 \cdot 2,5 = 71,5 \text{ м}$$

$$B=B_0 + 2c + 2d = 38,9 + 2 \cdot 2,5 + 2 \cdot 2,5 = 48,9 \text{ м}$$

мұндағы A және B – іргетас табаны бойынша енімен ұзындығы, м.

c және d – іргетас тақтаның остен шығу қалдығы, м.

$$C=2mH+A=2 \cdot 1 \cdot 1 + 71,5 = 73,5 \text{ м}$$

$$D=2mH+B=2 \cdot 1 \cdot 1 + 48,9 = 50,9 \text{ м}$$

мұндағы C және D – қазаншұқырдың беті бойынша ені мен ұзындығы.

m- еңістік коэффициенті

H- қазаншұқыр тереңдігі, м.

$$V_k = H_k / 6 [(A+C)(B+D) + AB + CD] \quad (3.1)$$

$$V_k = 1/6 [(71,5+73,5)(48,9+50,9) + 71,5 \cdot 48,9 + 73,5 \cdot 50,9] = 3618,08$$

Қазаншұқыр табанының механикалық жобасы.

$$F_{\text{мех}} = a \cdot b = 61,5 \cdot 38,9 = 2392,35 \text{ м}^2$$

Алынбаған топырақ көлемі.

$$V_{\text{алын.}} = F \cdot D_n = 2241,96 \cdot 0,2 = 699,27 \text{ м}^3$$

мұндағы F - қазаншұқыр ауданы және траншея асты;

$$F = A \cdot B = 71,5 \cdot 48,9 = 3496,35$$

D_n - алынбаған топырақ қалыңдығы (0,15...0,2).

Қайта көму топырағының көлемі.

$$V_{\text{к.к}} = (V_{\text{к}} - V_{\text{т.к}} - V_{\text{ірі}}) \cdot K_{\text{к.к}} \quad (3.2)$$

$$V_{\text{к.к}} = (3618,08 - 1070 - 401) \cdot 0,09 = 193,24 \text{ м}^3$$

мұндағы $V_{\text{ірі}}$ – іргетас көлемі;

$K_{\text{к.к}}$ – қопсытылған топырақ коэффициенті

Көлікке тиелетін топырақ көлемі.

$$V_{\text{көп.тиеу.}} = V_{\text{к}} - V_{\text{к.к.}} = 3618,08 - 193,24 = 3424,84 \text{ м}^3$$

Тығыздалатын топырақтың ауданы.

$$F_{\text{т}} = V_{\text{к.к}} \cdot 0,2 \quad (3.3)$$

$$F_{\text{т}} = 193,24 \cdot 0,2 = 38,648 \text{ м}^2$$

3.1.1 Техника–экономикалық көрсеткіштерге байланысты экскаватордың түрін таңдау.

Қазаншұқыр топырағын өңдеу үшін төмендегі экскаваторларды пайдалануымыз мүмкін. Экскаватордың сыйымдылығын таңдау үшін кері күректі экскаваторға арналған ұсыныстарды қолдана отырып, экскаватордың жұмыс көлемдері және есептік сипаттамалары алынады.

1 нұсқа

Бір шөмішті экскаватор (механикалық жетек) Э-656

Шөміштің сыйымдылығы $V_{\text{ш}} = 0,65 \text{ м}^3$

Қазу тереңдігі $h_{\text{г}} = 4 \text{ м}$

Машинаға тиеу биіктігі $H_{\text{в}} = 2 \text{ м}$

Қазу радиусы $R = 9,2 \text{ м}$

Экскаватордың қуаты – 59(80)кВт(л.с.)

Экскаватордың салмағы – 20,5т

$C_{\text{маш-ауысым}} = 28,37 \text{ тт}$

$C_{\text{о.п.}} = 17,58 \text{ мың тт}$

Уақыт нормалар: $N_1 - 1,8$; $N_2 - 2,3$ көлікке тиеумен бірге

2 нұсқа

Бір шөмішті экскаватор (гидравликалық жетек) ТВЭКС ЕТ-16

Шөміштің сыйымдылығы $V_{\text{ш}} = 0,65 \text{ м}^3$

Қазу тереңдігі $h_r=5,8\text{м}$

Машинаға тиеу биіктігі $H_b=5\text{м}$

Қазу радиусы $R=8,4\text{м}$

Экскаватордың қуаты $-95(129)\text{кВт(л.с.)}$

Экскаватордың салмағы -16т

$C_{\text{маш-ауысым}} - 31,08\text{тг}$

$C_{\text{о.п.}} - 23,47$ мың тг

Уақыт нормалар: $N_1-2,1$ навымет $N_2-2,5$ көлікке тиеумен бірге

Экономикалық тиімді экскаваторды таңдау үшін, қазаншұңқыр топырағын өңдеудің 1м^3 топырақтың өзіндік құнын анықтау арқылы жүргізіледі. Ол үшін әр бір экскаватор үшін 1м^3 топырақтың өзіндік құны мына формула арқылы анықталады.

$$C=1,08 \cdot C_{\text{маш-ауысым}} / \Pi_{\text{ауысым-өнім}} \quad (3.4)$$

мұндағы $1,08$ – тіркеме шығындарды есептеуші коэффициент.

$C_{\text{маш-ауысым}} - 1_{\text{маш-ауысым}}$ құны, тг.

$\Pi_{\text{ауысым-өнім}} -$ экскаватордың 1 ауысымдағы еңбек өнімділігі, $\text{м}^3/\text{ау}$.

Экскаватордың 1 ауысымдағы еңбек өнімділігі келесі формуламен анықталады.

$$\Pi_{\text{ауысым-өнім}} = V_k / \sum N_{\text{маш. ау.}} \quad (3.5)$$

мұндағы $V_k -$ қазаншұңқыр көлемі, м^3 .

$\sum N_{\text{маш. ау.}} -$ экскаватордың маш.ау. қосындысының саны.

$$\sum N_{\text{маш. ау.}} = \frac{V_{\text{қ.к}}}{100} H_1 + \frac{V_{\text{қ.т}}}{100} H_2 / 8.2 \quad (3.6)$$

Әр бір экскаватор үшін 1м^3 топырақтың өңдеу үшін салыстырма қаржыны анықтаймыз.

$$K_{\text{уд}} = 1,07 \cdot C_{\text{о.п.}} / \Pi_{\text{ауысым-өнім}} \cdot t_{\text{жыл}} \quad (3.7)$$

мұндағы $C_{\text{о.п.}} -$ экскаватордың есептік құны, мың тг.

Экскаватормен 1м^3 топырақты өңдеудің шартты шығынын анықтаймыз.

$$\Pi = C + E_n \cdot K \quad (3.8)$$

мұндағы $E_n -$ қаржылық, тиімділік, нормативтік коэффициенті $0,15$ тең.

$I -$ *ші экскаватор Э-656 үшін.*

$$C = 1,08 \cdot 28,37 / 363,6 = 0,0842\text{тг}$$

$$P_{\text{ауысым-өнім}} = \frac{3618.08}{16.4} = 220.6 \text{ м}^3/\text{ау}$$

$$\Sigma N_{\text{маш.ау}} = \frac{\frac{193,24}{100} 1,8 + \frac{3397,48}{100} 2,3}{8.2} = 9,95$$

$$\Sigma N_{\text{маш.ау}} = 9.95 \text{ ауысым}$$

$$K_{\text{уд}} = 1,07 \cdot 17,58 \cdot 1000 / 363,6 \cdot 300 = 0,172 \text{ тг}$$

$$П = 0,0848 + 0,15 \cdot 0,172 = 0,111 \text{ м}^3$$

II – ші экскаватор ЭО–4121А үшін.

$$C = 1,08 \cdot 31,08 / 396,72 = 0,0846 \text{ тг}$$

$$P_{\text{ауысым-өнім}} = 3618,08 / 10,85 = 333,46 \text{ м}^3/\text{ау}.$$

$$\Sigma N_{\text{маш.ау}} = \frac{\frac{193,24}{100} 2,1 + \frac{3397,48}{100} 2,5}{8.2} = 10,85$$

$$\Sigma N_{\text{маш. ау.}} = 10,85 \text{ ауысым}$$

$$K_{\text{уд}} = 1,07 \cdot 23,47 \cdot 1000 / 333,46 \cdot 300 = 0,251 \text{ тг}$$

$$П = 0,085 + 0,15 \cdot 0,251 = 0,12265 \text{ м}^3$$

3.1.2 Пайдалану кезіндегі экскаватордың өнімділігі

$$P_3 = T \cdot 60 \cdot g \cdot n \cdot k_e \cdot k_b \quad (3.9)$$

мұндағы T – сменаның ұзақтығы (сағ).

g – шөміштің геометриялық көлемі м^3 .

n – бір минуттағы циклдың саны, $60/\text{тц}$.

$t_{\text{ц}}$ – бір циклдың уақыты, мин.

k_e – шөміштің пайдалану көлемінің коэффициенті.

k_b – сменалық уақытты пайдалану коэффициенті (ЕНиР 2–ші жинақ).

I– ші экскаватор Э-656 үшін.

$$P_3 = 8,2 \cdot 60 \cdot 0,65 \cdot (60/28,7) \cdot 0,85 \cdot 0,63 = 358,02 \text{ м}^3$$

II – ші экскаватор ТВЭКС ЕТ-16 үшін.

$$P_3 = 8,2 \cdot 60 \cdot 0,65 \cdot (60/29,3) \cdot 0,85 \cdot 0,6 = 333,99 \text{ м}^3$$

$$358,02 \geq 333,99$$

Бірінші экскаватордың өнімділігі көп болғандықтан екінші нұсқадағы экскаваторды қабылдаймыз

Топырақты бір жағынан түсіргенде маңдайша өтісінің ең үлкен ені үстімен.

$$B_{\text{уст}} = B_2 + B_1 = \sqrt{R_{\text{max}}^2 - l_a^2} + (R_{\text{т}} - B_{\text{ав}}/2 - 1) \quad (3.10)$$

мұндағы R_{max} – ең үлкен қию радиусы.

l_a – экскаватордың жұмыс ұзындығы

$R_{\text{т}}$ – көлік құралдарына топырақты артатын ең үлкен радиус, метр.

B – көлік құралының ені, м.

$$B_{\text{уст}} = B_2 + B_1 = \sqrt{8,4^2 - 1,75^2} + (6 - 3,15/2 - 1) = 8,4 \text{ м}$$

Маңдайша өтістің асты мен өтіс ені.

$$B_t = B_{\text{уст}} - 2mH \quad (3.11)$$

мұндағы H – қазаншұңқыр тереңдігі, м;

m – еңістік коэффициенті.

$$B_t = 8,4 - 2 \cdot 1 \cdot 1 = 6,4 \text{ м}$$

Екінші және келесі шеткі жүрісінің ең үлкен ені.

$$B = B_3 + B_4 = (R_{\text{т}} - mH - B_{\text{ав}}/2 - 1) + \sqrt{R_{\text{к}}^2 - l_a^2} \quad (3.12)$$

мұндағы $R_{\text{к}}$ – қазаншұңқырдың түбі бойынша радиусы, м.

$$R_{\text{к}} = x + b \quad (3.13)$$

$$x = \sqrt{a^2 - (H + h_{\text{ш}})^2} \quad (3.14)$$

$$a = \sqrt{(R_{\text{max}} - b)^2 + h_{\text{ш}}^2} \quad (3.15)$$

$$B_t = 8,4 - 2 \cdot 1 \cdot 1 = 6,4 \text{ м}$$

$$B = B_3 + B_4 = (6 - 1 \cdot 1 - 3,15/2 - 1) + \sqrt{9^2 - 1,75^2} = 11,25 \text{ м}$$

$$R_{\text{к}} = 8 + 1 = 9 \text{ м}$$

$$x = \sqrt{8,43^2 - (1 + 1,5)^2} = 8 \text{ м}$$

$$a = \sqrt{(8,4 - 1)^2 + 1,5^2} = 8,43 \text{ м}$$

3.1.3 Автосамосвал санын анықтау

Экскаватор шөмішіндегі топырақтың тығыз жағдайдағы көлемін анықтаймыз.

$$V_{\text{топ}} = V_{\text{ш}} \cdot K_{\text{ш}} / K_{\text{пр}} \quad (3.16)$$

мұндағы $V_{\text{ш}}$ – экскаватор шөмішінің көлемі м^3 .

$K_{\text{ш}}$ – шөміштің толу коэффициенті.

$K_{пр}$ – топырақтың бастапқы үгітілу коэффициенті

$$V_{топ} = 0,65 \cdot 0,9 / 1,28 = 0,457 \approx 0,5 \text{ м}^3$$

Экскаватор шөмішіндегі топырақтың көлемін анықтаймыз.

$$Q = V_{топ} \cdot \rho \quad (3.17)$$

$$Q = 0,5 \cdot 1,8 = 0,9 \text{ т}$$

Автосамосвалдың кузовына салынатын топырақтың шөміштің санын есептейміз.

$$n = \Pi / Q = 10 / 0,9 = 11,1 \approx 12 \text{ дана}$$

мұндағы Π – автосамосвалдың көтергіштігі, т.

HOWO A7 (8x4) автомобилін қабылдаймыз.

Автосамосвалдың кузовына салынатын топырақтың тығыз жағдайдағы көлемін анықтаймыз.

$$V = V_{топ} \cdot n \quad (3.18)$$

$$V = 0,5 \times 12 = 6 \text{ м}^3$$

Өзі түсіретін автосамосвалдың бір циклдегі жұмыстың мерзімін есептейміз.

$$T = t_n + 60 \cdot L / V_r + t_p + 60 \cdot L / V_n + t_m \quad (3.19)$$

мұндағы t_n – топырақты тиеу уақыты (мин) мына формуламен анықталады.

$$t_n = V \cdot N_{уак} \cdot 60 / 100 \quad (3.20)$$

мұндағы $N_{уак}$ – машина уақыт нормасы (ЕНиР 2–ші жинақ).

$$t_n = 6 \cdot 2,3 \cdot 60 / 100 = 8,28 \text{ мин}$$

L – топырақты тасымалдау арақашықтығы (км)

V_r – көліктің тиелген кезіндегі орташа жылдамдығы (км/сағ)

V_n – көліктің орташа жылдамдығы (км/сағ)

t_p – топырақты төгу уақыты.

t_m – қосымша операциялардың уақыты.

$$T = 8,28 + 60 \cdot 1,5 / 19 + 0,8 + 60 \cdot 1,5 / 25 + 2,2 = 12,11 \text{ мин}$$

Топырақты тасымалдау үшін автомобиль санын анықтаймыз.

$$N = T / t_n = 12,11 / 8,28 = 1,46 \approx 2 \text{ дана}$$

3.1.4 Бульдозерді таңдау.

Белгілі құрылысқа бульдозер дайындық жұмыстары , өсімдік қабатты кесу және топырақты кері көму үшін қажет.

Осы жұмыстар үшін экскаватор-погрузчик JCB 4CX базасындағы БелАЗ–7823 бульдозер пайдаланамыз.

Бульдозердің эксплуатация кезіндегі ауысым өнімділігі.

$$P_3 = (60 \cdot T \cdot q \cdot \alpha \cdot K_B) / (T_H + T_{II} + 1_{\Gamma}/V_{II} + 1_{II}/V_{II}) \quad (3.21)$$

мұндағы T – ауысымдағы бульдозердің жұмыс ұзақтылығы (8,2 с.)

q – бульдозердің бір рет тасмалдағандағы, топырақтың тығыз күйіндегі көлемі, m^3 ;

α – тасымалдау кезіндегі топырақтың жоғалтуын ескеретін коэффициент.

$$(\alpha = 1 - 0,005 \cdot 1_{\Gamma} = 1 - 0,005 \cdot 36 = 0,83);$$

K_B – уақыт кезіндегі көліктің пайдалану коэффициенті;

T_H – топырақты алу уақыты, мин;

T_{II} – жылдамдықты салуға кететін уақыт, мин;

l_2, l_n – тасымалдаудың жүкпен және жүксіз есептік арақашықтығы, м;

V_{Γ}, V_{II} – бульдозердің тиелген кездегі және бос кезіндегі жылдамдығы

$$P_3 = (60 \cdot 8,2 \cdot 3 \cdot 0,83 \cdot 0,8) / (0,24 + 0,1 + (18/40) + (18/75)) = 917,13 \text{ м}^3/\text{см}$$

3.1.5 Еңбек шығындарын есептеу

Кесте 3.1 – Экскаватордың уақыт шығынын есептеу

Жұмыс атауы	Өлшем бірлігі.	Жұмыс	Механизм атауы.	Еңбекшығыны, маш-сағ.	
				Өлшем бірлікке.	Жұмыс көлеміне.
Ожау сыйымдылығы 0,65м ³ эксковатормен топырақты өңдеу	1000 м ³ .	3,26	Экскаватор ТВЭКС ЕТ–16	6,98	20,47

Бульдозермен топырақты өңдеу үш негізгі кезеңге бөлінеді: алу, тасымалдау және топырақты қою. Алаңды дайындау жұмыстары қабат әдісімен орындалады, ол кезде топырақты өңдеу параллельді жолмен орындайды, келесі жолды өндегенде үстінен 0,3 м ден 0,5 м - ге дейін үстінен топырақ жабылады.

Жерді қазу көліктері сияқты бульдозердің де күшіне байланысты 150 м арақашықтыққа дейін топырақты тасымалдау жағдайы кезінде тиімді


Кесте 3.2 – Жер жұмыстарының еңбек шығындары

№	Жұмыс атауы	Өлш. бірлігі.	Жұмыс көлемі	Еңбек шығыны,	
				Өлш. бірлігін е.	Жұмыс көлемі не
1.	2	3	4	5	6
2.	Топырақтың өсімдік қабатын бульдозермен тазалау. Қуаттылығы 58(80)кВт топырақтың 1 тобы	1000м ²	4,78	3,65	17,447
3.	Экскватормен топырақты үйіндіге аудару	1000м ³	23,92	3,1	74,152
	Топырақты қолмен өңдеу	100м ³	2,28	196,8	448,7
	Құмды негіз орнату	1м ³	35,18	0,9	31,66
	Қуыстарды бульдозермен толтыру 58(80)кВт қуаттылығы топырақтың 1-ші тобы	1000м ³	0,152	7,6	1,16
	Пневматикалық тегістеу арқылы жерді тығыздау	100м ³	0,386	12,53	10,41
	Топырақты қайта көму	100м ³	1,9324	88,5	31,506
	Барлығы:				344,48


Бульдозермен топырақты өңдеу үш негізгі кезеңге бөлінеді: алу, тасымалдау және топырақты қою. Алаңды дайындау жұмыстары қабат әдісімен орындалады, ол кезде топырақты өңдеу параллельді жолмен орындайды, келесі жолды өңдегенде үстінен 0,3 м ден 0,5 м - ге дейін үстінен топырақ жабылады. Жерді қазу көліктері сияқты бульдозердің де күшіне байланысты 150 м арақашықтыққа дейін топырақты тасымалдау жағдайы кезінде тиімді.

3.2 Ғимараттың іргетас көлемін, арматура салмағын, жағылатын битум көлемін, қалыптың көлемдерін есептеу

Ғимарат іргетасының 1 м биіктігіне кететін бетонның көлемі 412,85 м³.



Сурет 3.1 – Іргетасты арматуралау



Сурет 3.2 – Ғимараттың іргетасы

Іргетасқа кететін арматураның салмағын анықтау.

$$A_{c1} = a_1 / L_n \quad (3.22)$$

мұндағы: A_{c1} – арматураның саны;

a_1 – ғимараттың ұзындығы;

L_n – іргетасқа кететін нақты арматура ұзындығы.

$$L_n = L_a - 0,35 \quad (3.23)$$

мұндағы: L_a – арматураның стандартты ұзындығы;
 $0,35$ – тоқылған хамуттарды біріктіру ұзындығы.

$$L_H = L_a - 0,35 = 11,75 - 0,35 = 11,4$$

$$A_{c1} = a_1 / L_H = 61,5 / 11,4 = 5,4$$

$$A_{c1} \cdot n = 5,4 \cdot 6 = 32,4$$

мұндағы n_{a1} – a_1 -ге тең ұзындық.

Іргетасты арматуралауға тоғыз данадан кетеді, демек;

$$P_1 = 32,4 \cdot 9 = 291,6$$

$$A_{c2} = a_2 / L_H \quad (3.24)$$

$a_2 = 44,8$ – ғимараттың қысқа ұзындығы.

$$A_{c2} = a_2 / L_H = 44,8 / 11,4 = 3,93$$

$$A_{c2} \cdot n = 3,93 \cdot 2 = 7,86$$

мұндағы n_{a2} – a_2 -ге тең ұзындық.

$$P_2 = 7,86 \cdot 9 = 70,74$$

$$A_{c3} = b_1 / L_H \quad (3.25)$$

$b_1 = 21,5$ – ғимараттың ені

$$A_{c3} = b_1 / L_H = 21,5 / 11,4 = 1,87$$

$$A_{c3} \cdot n = 1,87 \cdot 12 = 22,44$$

мұндағы n_{b1} – b_1 -ге тең ені.

$$P_3 = 22,44 \cdot 9 = 201,96$$

$$A_{c4} = b_2 / L_H \quad (3.26)$$

$b_2 = 17,4$ – ғимараттың қысқа ені

$$A_{c4} = b_2 / L_H = 17,4 / 11,4 = 1,53$$

$$A_{c4} \cdot n = 1,53 \cdot 9 = 13,77 \text{ шт}$$

мұндағы n_{b2} – b_2 -ге тең ені.

$$P_4 = 13,77 \cdot 9 = 123,93$$

$$A_m = P_1 + P_2 + P_3 + P_4 \quad (3.27)$$

$$A_m = 291,6 + 70,74 + 201,96 + 123,93 = 688,23$$

Іргетасқа қабылданған арматура $\varnothing 22$ А800 қабылдаймыз. Оның 1 дана салмағы 35 кг, демек $688,23 \cdot 35 = 24088,05 \text{ кг} / 1000 = 24,1 \text{ т}$

Қалыпты орнату және ашу:

$$F_{\text{қалып}} = L_i \cdot 2h = 834,2 \cdot 2 \cdot 1 = 1668,4$$

Іргетасқа жағылатын битумның көлемі:

$$P = l / 2 \cdot 3h = 834,2 / 2 \cdot 3 \cdot 1 = 139,03$$

3.3 Мұнаралы кранды есептеу, таңдап алу. Техника-экономикалық салыстыру

Монтаждау жұмыстары үшін мұнаралы кранды орнатар алдында мына негізгі үш мәселені қарастыру арқылы мұнаралы кранды таңдаймыз:

1. Жүк көтеру қабілеті;
2. Крюктің көтеру қабілеті;
3. Краның жебе құлашы.

Монтаждау жұмыстарының көптеген түрлеріне байланысты краның параметрлері әр қалай таңдалып алынады.

I. Менің жобалап, салып отқан ғимарат алты қабатты болғандықтан мұнаралы кранды таңдап аламын. Ол үшін краның параметрін анықтаймыз. Төбе жабын тақталарын монтаждау кезіндегі кран параметрлерін таңдау.


Алтыншы қабаттағы төбе жабын тақталарын монтаждауда кран параметрі.

$$P = P_{т.с} + P_{і.с} \quad (3.28)$$

$P_{т.с}$ – төбе жабын тақтасының салмағы.;

$P_{і.с}$ – көтеріп тұратын ілмектік арнайы салмағы (строп, травесса) 0,1-0,7 тұрақты салмақ;

$$P = 2,8 + 0,1 = 2,9т.$$



Сурет 3.3 – Ғимаратқа орналасқан мұнаралы кран

Жебе крюгының көтеру биіктігін анықтау.

$$H_{кр} = h_0 + h_{зап} + h_{эл} + h_{стр} \quad (3.29)$$

h_0 – жердің бетінен монтаждау элементтерінің биіктігі;

$h_{зап}$ – алдын-ала ескерілген қашықтық 0,5-1 м;

$h_{эл}$ – монтаждалған элементтің биіктігі;

$h_{ілмек}$ – ілмектің биіктігі.

$$H_{кр} = 21 + 0,5 + 0,22 + 2 = 23,72 \text{ м}$$

Қажетті жебенің ұзындығын анықтау

$$l_i = \frac{(0.5 + d + e)(H_{кр} + h_{ш})}{h_{іл} + h_{пол}} + a \quad (3.30)$$

$h_{ш}$ -жер бетінен кранның шарнирне денгелігі арақашықтық 1,5м

$h_{пол}$ -полиспаста биіктігі 2-2,5м

d -элементтерінің ені 6,0м

e -жебе конструкциясының жарты ені 0,2-0,3м

a -кран осьнен жебеге дейінгі қашықтық стандарт 1,5м

$$l_i = \frac{(0.5 + 6 + 0,2)(16,72 + 1,5)}{2 + 2} + 1,5 = 32,02$$

$$L_{стр}^{тр} = \sqrt{(L_{стр}^{тр} - a)^2} + \sqrt{(H_{кр} - h_{ш})^2} \quad (3.31)$$

$$L_{стр}^{тр} = \sqrt{(32,02 - 1,5)^2} + \sqrt{(23,72 - 1,5)^2} = 52.74$$

$$l_{тр} = \frac{5}{2} + 3 + 9 = 14,5$$

мұндағы $a = 4,5$ -5м

$b = 2,5$ -3м

$c = 9$ м

Балкон тақтасын монтаждауға арналған кран параметрін таңдау

$$P = P_{кон} + P_{з.пр} = 1,0 + 0,1 = 1,1 \text{ т}$$

$$H_{кр} = h_0 + h_{эл} + h_{стр} + h_{зап} \quad (3.32)$$

$$H_{кр} = (21 + 1,1) + 0,2 + 2 + 0,5 = 24,8 \text{ м}$$

$$l_{тр} = \frac{5}{2} + 3 + \left(6 + 6 + \frac{1}{2}\right) = 18 \text{ м}$$

$d_3=1$ - балкон ені

Анықтама оқулығынан (строительные краны) кран параметріне байланысты екі кранды таңдап аламыз.

КРАН КБ-60

$P=3$ т;

$H_{кр}=21,7$ м;

$L_{іл}=32,3$ м.

КРАН Liebherr 102 K

$P=3,2$ т;

$H_{кр}=25,0$ м;

$L_{іл}=36,5$ м.

Таңдалып алынған мұнаралы крандарды техника-экономикалық салыстыру жүргіземіз. Ол үшін мұнаралы крандардың бағасы алынады.

$C_{ауыс}$ – кранды 1 орыннан 2-ші орынға ауыстыруға қажетті құн.

$C_{мб}$ – кранды монтаждау және бөлшектеу құны.

$C_{1м}$ – кранға қажетті жолдың 1 м құны.

$C_{мск}$ – машина смена құны.

КРАН КБ-60

$C_{ауыс}=815$ тг

$C_{мб}=2047$

$C_{1м}=1435,5$

$C_{мск}=126,28$

КРАН Liebherr 102 K

$C_{ауыс}=193,6$

$C_{мб}=638$

$C_{1м}=1243$

$C_{мск}=106,7$

3.4 Кранды технико-экономикалық салыстыру

Таңдап алынған екі кранның технико-экономикалық салыстырып, тиімді кранды анықтаймыз:

$$C_{п.к} = C_{ауыс} + C_{мб} + C_{жол} * l_{жол} \quad (3.33)$$

$C_{п.к}$ – кранды пайдаланудың бір уақыттылық қажеттілік құны.

$$C_{жол} = C_{1м} \cdot l_{жол} \quad (3.34)$$

$$l_{жол} = \frac{L_{фим}}{12,5} \quad (3.35)$$

Мұнаралы кран жолын салғанда үйдің бір жағына салынады. Жол 7 бөліктен тұрады, әрбір бөліктің ұзындығы 12,5 м.

$$l_{\text{жол}} = \frac{50.18}{12,5} = 4.01 \approx 4 \text{ шт}$$

$$l_{\text{жол}} = 12,5 * 4 = 50 \text{ м}$$

Кран КБ-60

$$C_{\text{п.к}} = 815 + 2047 + (1435,5 * 4) = 8604 \text{ тг}$$

КРАН Liebherr 102 К

$$C_{\text{п.к}} = 193,6 + 638 + (1273 * 4) = 5923,6 \text{ тг}$$

Кесте 3.3 – Монтаждау кранының жұмыс қажеттілігін есептеу

§ ЕНиР	Жұмыс атауы	Бірлік өлшем	Саны	Бірлік жұмыс сиымды		Жиын жұмыс сиымды	
				а/сағ	маш/сағ	а/с	м/с
4-1-7(9)	Төбе жабын тақтасын монтаждау	шт	408	0,84	0,21	342,72	85,68
4-1-12	Балкон тақтасын монтаждау	шт	72	2	0,5	144	36
Барлығы						499,32	124,83

$$T = \frac{499,32}{8,2} = 60.89$$

$$T = \frac{124.83}{8,2} = 15.22$$

Кесте 3.4 – Бригаданың квалификациялық құрамы

Жұмысшы саны	Разряд	Жұмысшы мамандығы	1 сағаттық тарифтік құны Е; Е/1000
1	5	монтажшы	910
1	4	монтажшы	790
1	3	монтажшы	700
1	4	дәнекерлеуші	790
1	3	ұсташы-бетоншы	700
		Жиыны	38900

Монтажшылар бригадасының құрамын анықтау.

$$N = \frac{T}{СК} = \frac{60.89}{15.22 \cdot 1.1} = 3.63 \approx 3 \text{ адам}$$

K=1,1- жұмысты арттырып, жылдам істеу коэффициенті

Бригаданың бір күндік тарифтік еңбек ақысы.

$$A_{\text{күн}} = (910+790+700+790+700) \cdot 8,2 = 31900$$

$$T_0 = C+10\% = 15,22+15,22 \cdot 0,1 = 16,74 \text{ м/сек}$$

Механикалық әдіспен есептелінген жұмыстың құнын әрбір кранға жеке-жеке есептейміз.

$$C_{\text{мех}} = 1,08(C_{\text{п.к}} + \sum C_{\text{мск}} \cdot T_0) + 1,5 \cdot \sum A_{\text{күн}} \cdot T_0 \quad (3.36)$$

Кран КБ-60

$$C_{\text{мех}} = 1,08(8604 + \sum 126,28 \cdot 16,74) + 1,5 \sum 31900 \cdot 16,74 = 812584,36 \text{ тг}$$

Liebherr 102 К

$$C_{\text{мех}} = 1,08(5923,6 + 106,7 \cdot 16,74) + 1,5 \cdot 31900 \cdot 16,74 = 809335,54 \text{ тг}$$

Кранның жұмыс қажеттілігін анықтауға арналған темірбетон бұйымдарының көлемін ескеріп жұмыс көлемін есептейміз.

$$V = 40 \cdot 81,08 + 45 \cdot 0,12 + 72 \cdot 0,87 = 3311,24 \text{ м}^3$$

Әрбір кранның жеке жұмысының құнына байланысты кранды таңдап аламыз.

Кран КБ-60

$$C_{\text{ж.ай}} = \frac{C_{\text{мех}}}{V} = \frac{812584,36}{3311,24} = 245,4$$

Liebherr 102 К

